



«Балабақша» МКҚК
 Маслова И.Н.
 2021ж.

2021-2022 оқу жылында ата-аналармен
 жүргізілетін жұмыс жоспары
 № 12 «Балбөбек» ересек тобы

№	Жүргізілетін жұмыстар	Орындалу түрлері	Орындалатын мерзімі
1	«Біздің күн тәртібіміз»	Ата-аналарға әңгіме өткізу. Жеке кеңес өткізу.	Қыркүйек
2	Жаңартылған білім мазмұны бойынша және спорт киімі жайылы жеке кеңес жүргізу.		
3	«Ересек тобында бала не білу керек?»	Ата-аналарға кеңес	
4	«Дені саудың жаны сау»	Жылжымалы папка	
5	Қауіпсіздік төл құжат	Жеке әңгіме жүргізу.	
1	«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» әңгіме өткізі.	Ата-аналармен әңгіме өткізу.	Қазан
2	«Сіздің балаңыз балабақшаға келді»	Жиналыс.	
3	«Алтын күз мерекесіндегі қойылымдарға киімдер дайындату»	Ата-аналарға кеңес.	
4	«Балабақшадағы баланың үлгерімі» жайлы әңгіме жүргізу. «Ата-ана үшін жадындама»	Жадындама	
5			
1	«Жолдағы және тұрмыстық жарақат алудың алдын алу бойынша қауіпсіздік сабақтары»	Жылжымалы папка	Қараша
2	«Ертегілер еліне саяхат»	Кітаптар көрмесі	
3	Баланың үйде қолын жаттықтыру үшін қандай жұмыстар жүргізу қажет. «Ұшпа ауруы»	Жеке ата-аналарға әдіскерлік кеңес беру.	
4		Жылжымалы папка	
1	«Жаңа жылға - тарту»	Мерекелік костюмдер дайындалулары, құттықтау газеті.	Желтоқсан
2	«Үш тілді білу болашағымызға жол ашу»	Жеке ата-аналарға әдіскерлік кеңес беру.	
3	«Баланың отбасындағы орны»	Ата-аналарға сауалнама	

4	«Балалар бақытты болу үшін»	Жадынама	
5	«Тұмау – жұқпалы ауру»	Жылжымалы папка	
1	«Үйде баланы өз кимін жинауға, ұқыпты болуға қалай тәрбиелеуге болады?»	Топтық кеңес	Қаңтар
2	«Қыс қызығы»		
3	«Қыс қызығы» сурет көрмесін ұйымдастыру	Сурет көрмесі	
4	«Отбасылық тәрбиенің құндылығы»	Ата-аналар жиналысы	
5	«Қызылша ауруы»	Жылжымалы папка	
1	«Баланың үйде тілін дамыту және тәрбиелеу»	Ата-аналарға әдіскерлік кеңес беру.	Ақпан
2	«Баланы қалай тәрбиелеу керек?»	Ата-аналарға кеңес	
3	«Желешек ауруы»	Жылжымалы папка	
1.	«Аналар мерекесі» Мерекелік ертеңгіліктерге ата-аналарды қатыстыру.	Газет шығару Көрме ұйымдастыру.	Наурыз
2	«Наурыз тойы» көрме ұйымдастыру.		
3	«Салт-дәстүр» Қазақтың ұлттық ойындары.	Жылжымалы папка	
1.	Баланы үйде оқыту және тәрбиелеу. «Бала сұрағына қалай жауап береді?»	Жеке ата-аналарға әдіскерлік кеңес беру. Жеке әңгіме өткізу.	Сәуір
2.	«Көгілдір көктем»		
3.		Сурет көрмесі	
1.	«Біздің балалар нені үйренді?»	Ата-аналар жиналысы	Мамыр
2.	«Ұлу өсімдіктерден қорғану»	Ата-аналарға кеңес өткізу жылжымалы папка	
3.	«Шынықтыру шаралары»	Жылжымалы папка	

2021 – 2022 жылға арналған №12 «Балбөбек» ересек тобының жылдық есебі

Биылғы жылы «Балбөбек» ересек тобында 25 бала бар. Оның ішінде 13 бала - қыздар, 12 бала - ұлдар. Жыл бойына балалармен ұйымдастырылған іс-шаралардың барлығымен таныстырылды.

Бекітілген берілген жоспарға сәйкес 1 қыркүйек Білім күніне орай ата-аналармен әңгіме өткіздік. Балалар білім күніне арнаған шағын өлең шумақтарын орындады. «Біздің күн тәртібіміз», «Дені саудың – жаны сау» әңгіме, жеке кеңестер ата-аналар мен жүргізілді.

«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролы» әңгіме жүргізілді. «Сіздің балаңыз балабақшаға келді» ата-аналар жиналысы өткізілді.

Ата-аналардың қатысуымен «Алтын күз» ертеңгілігі ұйымдастырылды. Мерекеге сай балалар ерекше өнер көрсетті, ата-аналар алғысын білдірді. Балалардың жалпы даму көрсеткіші қыркүйек айымен салыстырғанда жылдың соңындағы нәтижесінің көрсеткіші өзгерген. Түстерді түгел ажыратады, салыстыра алады. Жыл мезгілдері туралы айта алады. Қоршаған орта туралы берілген ақпаратты қабылдап, тәрбиешінің қимылын орындай алады. Геометриялық пішіндерді атай алады. Өлең жолдарын тәрбиешімен бірге мәнерлеп жаттай алады. Көмекті қажет ететін балаларға жекелей көмек тәрбиешілер тарапынан көрсетіледі.

Қараша айында «Ертегілер еліне саяхат» кітаптар көрмесі болды. Түрлі тақырыпта жылжымалы папкалар дайындалды. «Ұшпа ауруы» жылжымалы папка қойылып, әңгіме жүргізілді.

Желтоқсан айында «Жаңа-жылға тарту» ертеңгілігі өткізілді. Балалар ертеңгілікке белсене қатысты. Өз ойларын толық жеткізе білді.

«Баланың отбасындағы орны» ата-аналарға арналған сауалнамалар таратылды.

Қаңтар айында «Отбасылық тәрбиенің құндылығы» атты ата-аналар жиналысы өткізілді. «Қыс қызығы» сурет көрмесі өтті. «Қызылша ауруы» жылжымалы папкалар қойылды.

Ақпан айында «Баланы үйде оқыту және тәрбиелеу» ата-аналарға арналған әдіскерлік кеңес берілді. «Желшешек ауруы» тақырыбына жылжымалы папкалар қойылды.

Наурыз айында аналар мерекесіне орай газет шығарылды, ата-аналар мерекелік ертеңгілікке қатысты.

«Наурыз тойы» көрмелер ұйымдастырылды. «Салт-дәстүр», «Қазақтың ұлттық ойындары» тақырыбында қызықты іс-шара болды.

Сәуір айында «Баланы үйде оқыту және тәрбиелеу» жеке ата-аналарға әдіскерлік кеңес берілді. «Көгілдір көктем» сурет көрмесі қойылды.

Мамыр айында «Біздің балалар не үйренді» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. «Ұлы өсімдіктерден қорғану» ата-аналарға арналған кеңес өткізілді. «Шынықтыру шаралары» жылжымалы папка қойылды.

Балалардың сөздік қорлары жақсы. Өз жастарына сай. Өз ойларын жеткізе алады. Сұрақтарға талап бойынша жауап бере алады.

«Мына заманда ең басты мәселе - бала тәрбиесі. Біз балаларға салмақты тәрбие беруіміз керек. Баланың одан әрі білімін жетілдіре отырып, отбасына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыруымыз қажет. Бүгінгі қатал өмірде мейірімді әрі өз ісіне берік, сөзі мен ісі қатар жүретін азамат ету біздің міндетіміз.

Балаға жақсы мен жаманның, шындық пен өтіріктің, достық пен қастықтың арасын ажыратуға көмектесіп, тәрбиенің негізін салатын біз. Мәселен, менің тобымда 25 бала бар, осылардың барлығы менің балаларым, бәріміз бір үлкен жанұялармыз. Әрине әрбір баланың өзіндік сана-сезімі, ой-өрісі бар. Сондықтанда бәріне бірдей қарауға тырысамыз.

Тәрбиенің негізі балаға үйрету, түсіндіру, сана-сезімін жетілдіру. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, біз бүгінгі балаларды жастайынан ұлтшылдыққа, намысшылдыққа, білімділікке тәрбиелеуіміз керек. Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да ең басты мақсат мүддесі біреу ол-заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Ең бастысы – тіліміз бен дінімізді жоғалтпасақ, өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі болады деп сенемін.